

"Байқоңыр" кешеніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету мақсатында қазақстан-ресей шекарасы арқылы тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті Төрағасының 1999 жылғы 2 тамыздағы N 348-Б бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 26 тамызда тіркелді. Тіркеу N 877. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 158 бұйрығымен.

1998 жылдың 6 шілдесіндегі "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың оңайлатылған тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кеден комитеті мен Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитеті арасындағы Келісімге орай, Байқоңыр кешенінің жұмыс істеуі мен ғарыш бағдарламаларын орындау үшін қолайлы жағдайлар тудыру мақсатында бұйырамын:

1. "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың оңайлатылған тәртібі туралы Нұсқаулықты" б е к і т у (қ о с ы м ш а) .

2. ҚР МКМ Кеден комитеті ұйымдастыру-талдама басқармасына (К.М.Нуриев) 1 тармақта көрсетілген Нұсқаулықтың енгізілгені туралы Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитетін хабардар ету және аталған Бұйрықтың ережелерінің бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жариялануын қ а м т а м а с ы з е т у ж ү к т е л е д і .

3. ҚР МКМ Кеден комитеті кадрлар басқармасына (М.Ә. Исмаилов):
- Қазақстан Республикасы кеден қызметі жанындағы Ресей Федерациясы кеден қызметінің Өкілдігімен бірге "Байқоңыр" кешеніндегі Өкілдік қызметкерлерінің саны туралы келісу.

4. " Б а й қ о ң ы р " к е д е н і н е :

- "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылаудан өткізу кезінде "Байқоңыр" кеденінің Ресей Федерациясы кеден қызметімен өзара іс-қимылдарын;

- "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін тауарлар мен көлік

құралдарының мақсатқа сай пайдалануын бақылауды ұйымдастыру.

5. Аталған Бұйрықтың орындалуын бақылау ҚР МКМ КК Председателінің орынбасары Б.Т. Жұмабаевқа жүктелсін.

Төраға

Қ Р М К М К К
2 т а м ы з 1 9 9 9 ж .
N 3 4 8 б ұ й р ы ғ ы н а

Қосымша

"Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың оңайлатылған тәртібі туралы Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылаудың оңайлатылған тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Кеден комитеті мен Ресей Федерациясы Мемлекеттік кеден комитеті арасындағы 1998 жылдың 6 шілдесінде жасалған Келісімге орай, аталған Нұсқаулықта төмендегідей терминдер қолданылады:

1) "ғарыш бағдарламаларын орындауға бағытталған тауарлар" - зымыран-ғарыш техникасы, техникалық, технологиялық жабдықтар, зымыран отынының құрамдас бөліктері, жанар-жағармай материалдары, ғарыш бағдарламаларының орындалуына қажетті басқа да жабдықтар;

2) "басқа тауарлар" - Ресей Федерациясының кеден аумағынан жүргізілетін немесе осы аумақтан еркін айналысқа шығарылған, акцизделетін тауарлардан басқа, "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуіне бағытталған жабдықтар, отын және б а с қ а м а т е р и а л д а р ;

3) "ресейлік тауарлар", "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін тауарлар - Ресей Федерациясы кеден аумағынан шығарылатын тауарлар, немесе осы аумақта еркін айналыс үшін шығарылғандар және аталған Нұсқаулыққа сәйкес Ресей Федерациясы аумағынан "Байқоңыр" кешені аумағына е р т е р е к т е әкелінгендер.

2. Аталған Нұсқаулықтың әрекеті ғарыш бағдарламаларын орындауға бағытталған және Ресей Федерациясынан "Байқоңыр" кешеніне сату құқығынсыз әкелінген, басқа мақсаттарда қолданылмайтын, сондай-ақ "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін ресейлік тауарларға таралады.

3. Ғарыш бағдарламаларын орындауға арналған тауарларды Қазақстан Республикасы кеден органдарында кедендік ресімдеу лицензиясыз, кедендік ресімделу үшін кеден бажы, салықтар мен кедендік алымдардың төленуінсіз

жүргізіледі, сонымен қатар, тауарларды уақытша сақтау қоймаларына орналастыру және жүкке кедендік мағлұмдама тапсыру жолымен мағлұмдау м і н д е т т і е м е с .

Ғарыш бағдарламаларын орындауға бағытталған тауарларды кедендік ресімдеуден өткізу нақты тауарлар топтамасын тасымалдауда Қазақстан Республикасы кеден заңдары бұзылды деп есептейтін жеткілікті негіздер болған жағдайларда ғана жүргізіледі. Бұл жағдайда тапсырыс берушінің (әскери қабылдаушы) және ТББ пломбысы, сонымен қатар кәсіпорындар мен олардың ТББ пломбалары салынған тауарларды кедендік тексермеден өткізу "Байқоңыр" кешенінің мамандарының келісімімен, арнайы жабдықталған жайларда жү р г і з і л е д і .

4. Ғарыш бағдарламаларын орындауға бағытталған тауарларды мағлұмдау осы тауарларды тасымалдаушы тұлға немесе кеден делдалының Қазақстан Республикасы кеден органдарына тауаркөліктік құжаттар мен тауарлардың атаулары ТМД сыртқы-экономикалық қызметінің Тауарлар Номенклатурасына (одан әрі - ТМД СЭҚ ТН) сәйкес олардың кодтары және АҚШ долларындағы құндары міндетті көрсетілген фактура-шоттар тапсыру жолымен жүргізіледі.

5. Басқа тауарларды мағлұмдау мен кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасы кеден органдарымен кедендік баж, салықтар, кедендік ресімдеу алымдарынсыз, сондай-ақ, уақытша сақтау қоймаларына орналастырусыз жү р г і з і л е д і .

6. Ғарыш бағдарламаларын орындауға бағытталған және кедендік бақылаудағы тауарларды жеткізу ережелеріне сай басқа тауарларды тасымалдауда кедендік төлемдерді өтеу шарттары қолданылмайды.

7. Егер "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан аталған Нұсқаулықта көрсетілген, үшінші елдерден шығарылған басқа тауарлар әкелінген жағдайда оларды кедендік ресімдеу тауардың ресейлік статусын растайтын "Тауар Ресей Федерациясы аумағында еркін айналыс үшін шығарылды" деген мағынадағы Ресей Федерациясы кеден органдарының көлік құжаттарындағы белгілері негізінде аталған Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. Жазба Ресей Федерациясы кеден органының лауазымды тұлғасының жеке нөмірлі мөрімен расталуы тиіс.

Көрсетілген белгілер болмаған жағдайда әкелінетін басқа тауарларды кедендік ресімдеу аталған Нұсқаулықтың 8 тармағына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту: 7-тармақ толықтырылды - Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 2000 жылғы 2 ақпан N 43 бұйрығымен .

8. Аталған Нұсқаулықтың әрекеттері таралмайтын, "Байқоңыр" кешеніне әкелінетін және әкетілетін тауарлар мен көлік құралдарын (соның ішінде акцизделетін тауарлар) кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау қолданылып жүрген Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін, ғарыш бағдарламаларын орындауға бағытталған тауарларды кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау

9. Ғарыш бағдарламаларын орындауға бағытталған тауарларды кедендік ресімдеуден өткізу үшін Қазақстан Республикасы кеден органдарына төмендегі құжаттар тапсырылуы тиіс:

1) көлік құжаты және оның бір көшірмесі;
2) тауарлардың атаулары, олардың ТМД СЭҚ ТН сәйкес кодтары мен АҚШ долларындағы құны;

3) РҒА Бас директоры немесе оның орынбасарларының қолы қойылған, РҒА мөрімен расталған Ресей ғарыш агенттігінің жазбаша хабарламасы (рұқсат қағазының үлгісі, Ресей ғарыш агенттігі лауазымды тұлғаларының жеке қолдарының үлгілері мен тізімі және РҒА мөрінің бедерлемесі аталған Нұсқаулықтың 1 және 2 қосымшаларында көрсетілген).

10. Кеден органының лауазымды тұлғасы:

1) көлік құжаттарын тіркейді. Жүктің кедендік мағлұмдамасын тіркеу кезінде ҚР МКМ Кеден комитетімен белгіленген ережелерге сәйкес тіркеу журналы бойынша тіркеу нөмірі беріледі. Реттік нөмір ("ЖКМ толтырудың тәртібі туралы Нұсқаулықтың" 2.4 тармағына сәйкес 5 элементі) бойынша тіркеу нөмірінің белгіленуі кезінде жоғары разрядта "9" саны қойылады;

2) мәлімделген мәліметтердің толықтығы мен сәйкестігін тексереді және көлік құжатының түпнұсқасы мен көшірмеде "Шығару рұқсат етілді" мөртаңбасын соғады;

3) көлік құжаттарының түпнұсқасын мағлұмдаушыға табыстайды;

4) көлік құжатының көшірмесін фактура-шоттары және басқа құжаттармен бірге кеден органының мұрағатына тапсырады.

11. Көлік құжаттарының көшірмелерін табыстау және сақтау белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

3. "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін басқа тауарларды кедендік ресімдеу мен бақылау

12. "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін басқа да тауарларды кедендік ресімдеу өндірісі үшін кеден органына ұсынылатын құжаттар:

1) белгіленген тәртіпке сәйкес толтырылған жүктің кедендік мағлұмдамасы;

2) ЖКМ электрондық көшірмесі;

3) көлік құжаты мен оның бір көшірмесі;

4) фактура-шот;

5) егер Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес тауарлар осы органның бақылауына енетін жағдайда лицензиялар мен басқа мемлекеттік органдардың

р ұ қ с а т т а р ы ;

6) РҒА Бас директоры немесе оның орынбасарларының қолы қойылған, РҒА мөрімен расталған Ресей ғарыш агенттігінің жазбаша хабарламасы (рұқсат қағазының үлгісі, РҒА лауазымды тұлғаларының жеке қолдарының үлгілері мен тізімі, РҒА мөрінің бедерлемесі аталған Нұсқаулықтың 1 және 2 қосымшаларында көрсетілген);

7) ресейлік тауарлар мәртебесін растайтын құжаттар (Ресей Федерациясы аумағында еркін айналыс үшін шығарылған және үшінші елден шыққан тауарларға ЖКМ немесе бұйымдар мен ресейлік тауарларға көліктік, тауарға ілеспе құжаттар, техникалық төлқұжат).

13. Кеден органының лауазымды тұлғасы:

1) ЖКМ тіркейді (ҚР КК 26.09.95 ж. N 128-П бұйрығымен бекітілген нысаны мен тәртібі бойынша). ЖКМ реттік нөмірінің белгіленуі кезінде жоғары разрядта " 9 " с а н ы н қ о ы д ы ;

2) мәлімделген мәліметтердің толықтығы мен сәйкестігін тексереді және ЖКМ "Шығару рұқсат етілді" мөртаңбасын соғады;

3) Толтырылған ЖКМ үшінші парағын мағлұмдаушыға табыстайды;

4) ЖКМ 1 парағын ұсынылған құжаттармен бірге мұрағатқа тапсырады.

ЖКМ бірінші данасы мен қоса ұсынылған құжаттарды табыстау мен сақтау белгіленген тәртіпке сәйкес іске асырылады.

Басқа тауарларды кедендік тексермеден өткізу Қазақстан Республикасы кеден заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

4. "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясына әкетілетін ресейлік тауарларды кедендік ресімдеу

14. "Байқоңыр" кешені аумағына аталған Нұсқаулыққа сәйкес ертеректе әкелінген және Ресей Федерациясына әкетілетін ресейлік тауарларды кедендік ресімдеу өндірісі үшін кеден органына тапсырылуға тиісті құжаттар:

1) белгіленген тәртіппен толтырылған жүктің кедендік мағлұмдамасы;

2) ЖКМ электрондық көшірмесі;

3) көлік құжаты мен оның бір көшірмесі;

4) ф а к т у р а - ш о т ;

5) егер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тауарлар осы органның бақылауына енетін жағдайда лицензиялар мен басқа мемлекеттік органдардың рұқсаттары ("Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан ғарыш бағдарламасын орындау бағытында тауарлар ретінде ертеректе әкелінген тауарлардан басқа);

6) РҒА Бас директоры немесе оның орынбасарларының қолы қойылған РҒА мөрімен расталған (рұқсат қағазының үлгісі, РҒА лауазымды тұлғаларының жеке қолдарының үлгілері мен тізімі, РҒА мөрінің бедерлемесі аталған Нұсқаулықтың 1 және 2 қосымшаларында көрсетілген) Ресей ғарыш агенттігінің жазбаша

х а б а р л а м а с ы ;

7) ресейлік тауарлар мәртебесін растайтын құжаттар (Ресей Федерациясы аумағында еркін айналыс үшін шығарылған және үшінші елден шыққан тауарлар үшін ЖКМ немесе бұйымдар мен ресейлік тауарларға көліктік, тауарға ілеспе құжаттар, техникалық төлқұжат).

Кеден органдарының лауазымды тұлғаларының одан әргі әрекеттерінің тәртібі аталған Нұсқаулықтың 10 және 14 тармақтарындағы ережелермен ұқсас.

15. Жеке тұлғалармен "Байқоңыр" кешеніне Ресей Федерациясынан әкелінетін және "Байқоңыр" кешенінен Ресей Федерациясының аумағына әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеу Қазақстан Республикасы кеден заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

РҚАО-ның ескертуі: N 1 қосымша, N 2 қосымша, N 3 қосымшалардың мемлекеттік тілде аудармасы болмағандықтан мәтінді орышадан қараңыз.